

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2020 жылдың 27 ақпанындағы
№ 22 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2020 жылдың 28 ақпанынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ интернет- ресурсында баннерлік жарнаманы орналастыру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2020

Осы "Қазақстан қор биржасы" АҚ интернет-ресурсында баннерлік жарнаманы орналастыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) интернет-ресурсында Биржа мүшелерінің баннерлік жарнамасын орналастыру шарттары мен тәртібін анықтайды және оны орналастыруға арналған тарифтерді қамтиды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен шартты белгілер мыналарды білдіреді:
 - 1) **баннер** – жарнама беруші Биржаға jpg немесе gif форматында электрондық түрде ұсынған кез келген нысаны бар (тікбұрышты, төртбұрышты, дөңгелек) графикалық немесе мәтіндік-графикалық ақпарат блогы. Баннердің мөлшері интернет-ресурста орналастырылған баннерлік торға сәйкес анықталады;
 - 2) **жарнама беруші** – белгілі бір мерзімге интернет-ресурста баннерлік орындарға сәйкес жарнама баннерін орналастыруға ниет білдірген Биржа мүшесі (орындар осы Ережелерге 2 қосымшада графикалық түрде көрсетілген);
 - 3) **интернет-ресурс** – www.kase.kz мекен-жайы бойынша орналастырылған "Қазақстан қор биржасы" АҚ web-ресурсы;
 - 4) **интернет-ресурстың басты беті** – браузер жолына www.kase.kz мекен-жайын енгізу кезінде жүктелетін бет;
 - 5) **интернет-ресурстың екінші дәрежелі беттері** – интернет-ресурстың басты бетін қоспағанда, интернет-ресурстың барлық қалған беттері;
 - 6) **келісім-шарт** – Биржаның жарнама берушіге ұсынатын келісім-шарт талаптарында жарнама беруші көрсететін қызметтер туралы жарнаманы Биржаның интернет-ресурсында жариялауы бойынша Биржа мен жарнама берушінің арасында жасалатын келісім-шарт.

2 бап. Баннерлік жарнаманы орналастырудың жалпы шарттары

1. Интернет-ресурс Биржаның меншігі болып табылады. Биржа өз материалдарын баннерлік жарнама ретінде орналастыра алатын жарнама берушілердің тізбесін дербес анықтайды. Жарнама берушілердің тізбесін Биржа Басқармасы бекітеді.
2. Баннерді интернет-ресурста орналастыруға, егер:
 - баннер осы Ережелерге № 1 қосымшада анықталған мөлшерге және талаптарға сәйкес келмесе; және/немесе
 - баннерде орналастырылған ақпарат Қазақстан Республикасы заңнамасының жарнамаға қойылатын талаптарына сәйкес келмесе; және/немесе
 - баннерде Қазақстан Республикасы заңнамасының жарнамаға қойылатын талаптарына сәйкес тиісінше емес деп танылатын және/немесе Биржаның өзіне де, тұтастай алғанда қазақстандық қор нарығына бедел түсіре алатын жарнама болса, тыйым салынады.
3. Жарнама беруші баннерде өзінің брендін немесе қызметінің, қор нарығына байланысты іс-шаралардың жарнамасын ғана орналастыруға құқылы.

4. Биржа осы Ережелерге № 2 қосымшаға сәйкес баннерлік орындарда өнімдерді, Биржаның іс-шараларын немесе әріптестік іс-шараларды жарнамалайтын меншікті баннерлерді орналастыруға құқылы.
5. Жарнамалық баннерлерді интернет-ресурста орналастыру құны осы Ережелерге № 1 қосымшаға сәйкес анықталады.
6. Биржа интернет-ресурстағы баннерлік орындардың санын, бір баннерлік орындағы ықтимал баннерлердің санын дербес анықтайды, өзгертеді.

2 тарау. ЖАРНАМАЛЫҚ БАННЕРЛЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ

3 бап.

Жарнамалық баннерлерді орналастыру ережелері

1. Жарнама беруші Биржаға Биржаның жобаларын дамыту қызметінің (бұдан әрі – ЖДҚ) электрондық мекен-жайына баннері бар файлды (макетті) қоса бере отырып, интернет-ресурста жарнаманы орналастыру ниеті туралы хатпен жүгінеді.
2. ЖДҚ жұмыскері баннердің Ережелерге № 1 қосымшада жазылған техникалық талаптарға, осы Ережелерде қамтылған талаптарға, Қазақстан Республикасы заңнамасының жарнамаға қойылатын талаптарына сәйкестігін қарайды және қорытынды дайындайды.
3. Баннерлік жарнаманы тексергеннен кейін және оң қорытынды болған жағдайда ЖДҚ жұмыскері келісім-шарт жобасын дайындауды жүзеге асырады, оны Заң бөлімімен және Биржаның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келіседі, содан кейін оған келісім-шарт тараптарының уәкілетті тұлғаларының қол қоюын қамтамасыз етеді.
4. Жарнаманы орналастыру келісім-шарт талаптарына сәйкес Биржа 100 % алдын ала төлемді алғаннан кейін ғана жүргізіледі.
5. Баннерлік жарнаманы орналастырудың төленген кезеңі аяқталғаннан кейін ЖДҚ жұмыскері интернет-ресурста баннердің көрсетілімдерін өшіреді.
6. Жарнама беруші жарнама баннеріне барлық құқықтары бар екендігіне кепілдік беруге, олар туындаған кезде интернет-ресурста орналастырылған зияткерлік меншік объектілерінің жарнамасын пайдалану мәселелерін авторлармен және өзге де құқық иеленушілермен дербес реттеуге тиіс. Үшінші тұлғалар тарапынан авторлық құқықтың бұзылуына немесе баннерді орналастыруға байланысты өзге де талаптар Биржаға қойылған жағдайда, жарнама беруші мұндай бұзушылықтарды өз күшімен және өз есебінен жою үшін барлық қажетті шараларды қолданатынына, сондай-ақ осындай бұзушылықтан туындаған Биржаның барлық шығыстарын келісім-шартта көзделген мерзімде өтейтініне кепілдік береді.
7. Баннерді орналастыру шарттары, мерзімі, оған қойылатын талаптар келісім-шартта көрсетіледі.

3 ТАРАУ. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

4 бап.

Тұжырымды қағидалар

1. Осы Ережелерге уақтылы өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін ЖДҚ жауапты болады.
2. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер күшіне енген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.
3. Осы Ережелер Биржаның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

Басқарма төрайымы

А.Ө. Алдамберген

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
интернет-ресурсында
баннерлік жарнаманы
орналастыру ережелеріне

1 қосымша

Интернет-ресурста баннерлік жарнаманы орналастыруға


ТАРИФТЕР

№ р/с	Интернет-ресурстағы орналасқан жері, форматы және техникалық талаптары	ҚҚС қоса алғанда, 1 000 көрсетілімнің құны
1	2	3
1.	Интернет-ресурстың басты бетіндегі баннер (өлшемі 1 140*80 пиксель, форматы GIF)	300 теңге
2.	Интернет-ресурстың екінші дәрежелі беттеріндегі жоғарғы баннер (көлемі 1 140*80 пиксель, форматы GIF)	300 теңге
3.	Интернет-ресурстың нарықтары бөліміндегі орташа баннер (мөлшері 750*90 пиксель, форматы GIF)	250 теңге

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
интернет-ресурсында
баннерлік жарнаманы
орналастыру ережелеріне

2 қосымша


1 сурет. Баннерлік жарнаманы интернет-ресурстың басты бетінде орналастыру



1140 x 80 pix

Акции >					Денежный рынок >					Валюты >				
Символ	Last	%Δ1D	%Δ1M		Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M		Symbol	Average	%Δ1D	%Δ1M	
KCEL 24.02.20 10:55	2 537.00	+1.81	+5.30	▲	MM Index 24.02.20 10:50	10.21	+0.55	+1.12	▲	USDKZT_TOM 24.02.20 10:00	378.49	+0.55	-0.80	▲
KDGS 24.02.20 10:55	1 564.48	+0.38	-0.75	▲	TONIA 24.02.20 10:55	10.23	+0.40	+1.10	▲	EURKZT_TOD 20.02.20 15:00	408.00	-	-14.00	▲
-	-	-	-	-	SWAP-10 (USD) 24.02.20 11:00	9.33	+0.84	+0.87	▲	CNYKZT_TOD 21.02.20 11:00	53.4087	-0.0513	-0.8413	▲
-	-	-	-	-	TWIRA 24.02.20 10:57	9.73	+0.10	+0.74	▲	EURUSD_TOD	-	-	-	-
-	-	-	-	-	SWAP-20 (USD)	9.32	+0.73	+0.94	▲	USDKZT_BPF	-	-	-	-

2-сурет. Баннерлік жарнаманы екінші дәрежелі беттерде және "Интернет-ресурс нарықтары" бөлімінде орналастыру



750 x 90 pix